

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі N 643 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 480 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 480 қаулысымен.

"Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгеріс туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы N 338 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 49, 627-құжат) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Барлығы, штат саны* (бірлік)" деген бағанда:

"Маңғыстау" деген жолдағы "1223" деген сандар "1285" деген сандармен ауыстырылсын;

"ЖИЫНЫ:" деген жолдағы "47424" деген сандар "47486" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Маңғыстау облысының әкімі:

1) өз актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі